

**Алматы экономикалық колледжінің білім беру үдерісін  
психологиялық қолдау жұмыстарының есебі  
/2021-2022 оқу жылы/**

2021-2022 оқу жылы колледж психологының психологиялық қызметінің жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітірілді. Жоспар психологияның бес бағытын қамтыды.

1. Диагностика
2. Коррекциялық және дамыту жұмыстары
3. Профилактикалық және ағарту жұмыстары
4. Психологиялық кеңес беру
5. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

Оқу жылын студенттердің (1-4 курс) жаңа оқу жылына дайындығын зерттеуден басталды. 2021-2022 оқу жылында оқуға түскен студенттер туралы мәліметтер жинақталды: әлеуметтік аз қамтылған, көп балалы, ата-анасының қамқорлығысыз қалған жетім және мүмкіндігі шектеулі студенттер, бақылауда тұратын студенттер (қалалық, аудандық), медициналық ерекшеліктері бар студенттер анықталды. Сонымен қатар, сабақты себепсіз жиі қалдыратын студенттермен (25 студент) жекелеген жұмыстар жасалды, студенттің әлеуметтік-материалдық жағдай зерттелді. Олардың педагогикалық-психологиялық диагностикалық карталары жасалды, күнделікті бақылауға алынды.

Қыркүйек айынан бастап әлеуметтік аз қамтылған, көп балалы отбасылардың студенттерін зерттеу барысында 2 студенттің отбасындағы әлеуметтік-жағдайы өте төмен деңгейде, 1 студенттің ата-анасы ажырасып, анасы ішкілікке салынғаны анықталды. Аталған студенттердің әлеуметтік-материалдық жағдайын тексеру мақсатында тұрғылықты мекен-жайы бойынша зерттеу актісі жасалды. Екі студентті колледж жатақханасына /тегін тұруға/ орналастырылды. Колледж басшылығы, ұжымы қаржылай көмек көрсетіп, қысқы отын-суын, азық-түлігін алып беруге ат салысты. Аталған студенттерден қыркүйек-қазан айларында «Беко» сауалнамасын, «Әлемде жоқ жануар» әдістемесі, «Адам, үй, ағаш» проективті әдісі алынып, қорытындыланды. Диагностика нәтижесі бойынша психокоррекциялық, кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Қазіргі уақытта студенттердің көңіл-күйі қалыпты. Психологиялық жағдайы, көңіл-күйі бақылауға алынды.


Қыркүйек айынан бастап жетім балалармен (16 бала) әрқайсысымен жеке сұхбаттасу жүргізілді. Олардың жеке өмірі, қызығушылықтары, топтағы студенттермен қарым-қатынасы, оқу-үлгерімі зерделенді. Топ жетекшілеріне жетім балалармен жұмыс істеу тәсілдері туралы бағыт-бағдар берілді. Жетім балалар ішінен екі студент тәртіп бұзуға, қаңғыбастыққа бейім екендігі анықталды. Алматы облыстық Білім басқармасына хабарланды. Аталған екі студент «Ерекше бақылауға» алынып, күнделікті жұмыстар жүргізілді. Студенттерден «Мазасыздану деңгейін анықтау». (Шкала реактивной личной тревожности Спилбергера-Ханина.) тесті, «Кактус» әдістемесі, «Бопсалау мен зорлық-зомбылық туралы не білеміз?»

сауалнамасын, «Адам, үй, ағаш» проективті әдісі алынып, қорытындыланды. Диагностика нәтижелерін басшылыққа алып, студенттермен әңгімелесу, кеңес беру, психокоррекциялық жұмыстар, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен, ішкі істер органдарымен бірлескен жұмыстар жүргізілді. Жыл бойы жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде студенттердің мінез-құлқы, іс-әрекеттері жақсы жаққа өзгерді.

2021-2022 оқу жылына қабылданған 1-курс студенттерінің әлеуметтік-психологиялық бейімделуін анықтау мақсатында қыркүйек-қазан айларында «Бейімделу анкетасы» жүргізілді. Қатысқан студенттер саны 13 топтан 365 студент. Қорытындысы төмендегідей:


### 1. Сізге колледжде оқыған ұнайды ма?

Ия -100% Жоқ-0 %




### 2. Колледж тәртібіне, оқитын тобыңызға үйрендіңіз бе?

Ия -100% Жоқ-0 %



### 3. Колледжге өз еркіңізбен түстіңіз ба?

Ия -96% Жоқ-4 %




### 4. Қандай пәндерді оқу қиындық тудырып жатыр?

Орыс тілі-5 %


Химия -6 %

Физика-3 %  
 Математика-8%  
 Ағылшын тілі-8 %  
 Орыс әдебиеті-10 %  
 Қазақ тілі -3 %  
 Қалыпты-57 %




**5. Үй тапсырмасын орындауға қанша уақыт бөлесіз?**

Әр түрлі-65 %      1.5-2 сағат- 20 %    2 сағаттан көп- 15 %




**6. Топ жетекшісінің жұмысына көңіліңіз тола ма?**

Ия -100%    Жоқ-0 %



**7. Колледждегі қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысасыз ба?**

Ия -45%    Жоқ-40%    Кейде -15 %



## 8. Қазір сізге психологтың көмегі қажет пе?

Ия -2% Жоқ-94% Кейде -4%



Студенттік өмір бірінші курстан басталады. Сондықтан да бірінші курс студентінің колледж өмірі мен оқу–іс әрекетіне тиімді бейімделуі тұлға ретінде болашағының жақсы дамуына, жақсы кәсіби маман болып қалыптасуына кепіл бола алады. Жас жеткіншектің студенттік өмірге қосылуы жолында тұрған кедергі оның колледжге қалыптасқан динамикалық стереотиппен келуімен байланысты. Колледжге қабылдануымен қатар бұрынғы қалыптасқан стереотип бұзылып, жаңа түрі қалыптасады. Осы қалыптасу барысындағы кедергілерді дер кезінде анықтау маңызды. «Бейімделу» анкетасының қорытындысы бойынша студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі анықталды. Анкета нәтижесі көрсеткендей студенттерге колледжде оқыған ұнайды. Колледждің ішкі тәртібі мен тобына тез үйренісіп кеткендігін көрсетеді.

Алайда, колледжге өз еркіңізбен түстіңіз бе деген сұраққа, Ия -96% Жоқ-4 % деп жауап берілген. Яғни, 4 % студент ата-анасының, туған-туысы немесе достарының қалауымен түскен. Болашақта мамандығына деген қызығушылығын арттыру жұмыстарының жүргізілу мәселесі туындады. Сонымен қатар, қыркүйек-қазан айларындағы оқу үлгерімі бойынша студенттерде оқу пәндері бойынша қиындықтар туындаған:

Орыс тілі-5 %

Химия -6 %

Физика-3 %

Математика-8%

Ағылшын тілі-8 %

Орыс әдебиеті-10 %

Қазақ тілі -3 %

Қалыпты-57 %

Пән мұғалімдерімен жеке жұмыстар жүргізілді. Әр топ бойынша сабақ беретін оқытушылармен орыс тіл мен орыс әдебиеті пәндерінің оқытушылары З. И. Сардарова, Г. А. Онбаева, химия пәнінің оқытушылары Б.Қ. Шоманова, М.Ш. Өмірзақ, физика пәнінің оқытушылары М.А. Байымбетова, Ж.Б. Жолбарыс, математика пәнінің оқытушылары Н. Сейдімбек, С. Төлепберген, ағылшын тілі пәнінің оқытушылары Н.Г. Масягина, М.Акеева Балтақара, Н.А. Аликберова. қазақ тілі пәнінің оқытушылары А.Ж. Марденова, Б.А. Жүзбаева оқытушылармен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Т. Даулетбаевамен бірлескен жұмыстар жүргізілді. Оқу пәнінен қиындық көріп жүрген студенттерге, қосымша сабақтар қойылды. Нәтижесінде студенттердің оқу үлгерімі жақсарды.

Студенттердің ортаға бейімделуін жылдамдату мақсатында қыркүйек-қараша айларында «Жаңа орта-жаңа өмір бастауы», «Жарасымды қарым-қатынас» психологиялық-ойын жаттығулар, «Иллюзия» психологиялық таным процестерін дамытуға арналған ойын, «Арман болашаққа бастар жол», «Менің мамандығым-мақтанышым», «Тайм Менеджмент құпиясы», «Арман болашаққа бастар жол», «Менің мінез-құлқым» тақырыптарында тренингтер өткізілді. Сонымен қатар, 1-курсқа қабылданған 1 топтың студенттері тәртібімен өзгешеленді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.А. Тайкпанова және топ жетекшісі Қ.Избасаров, студенттің ата-аналарымен бірлескен жұмыстар нәтижесінде колледждің ішкі тәртібін сақтайтын деңгейге жеткізілді.

Алайда, қосымша бақылау (іс-әрекеттері, топтағы студенттермен және оқытушылармен қарым-қатынасы, колледждің ішкі-тәртібін сақтау), тест нәтижесінде («Бейімделу анкетасы») 7 студенттің ортаға бейімделуі, жалпы психологиялық тұрғыдан мінез-құлқында түрлі өзгерістер бар екендігі анықталды.

Олар психологтың «Тәуекел тобы» (7 студент) тізіміне алынып, қосымша жұмыстар жүргізілуі керек екендігі анықталды.


Қыркүйек айынан бастап «Тәуекел тобындағы» студенттермен төмендегідей жұмыстар жүргізілді:

1. Психологиялық кеңес беру
2. Мазасыздану деңгейін анықтау». (Шкала реактивной личной тревожности Спилбергера-Ханина.) тесті
3. «Кактус» әдістемесі,
4. «Адам, үй, ағаш» проективті әдісі
5. Ата-аналарымен әңгімелесу
6. Отбасының элеуметтік-материалдық жағдайын зерттеу
7. Топтық тренингтер
8. Қоғамдық, спорттық іс-шараларға қатыстыру. т.б.

Көптеген жұмыстардың нәтижесінде 7 студенттің 4-еуі ортаға бейімделді, 3 студентпен жұмыстар әлі де жалғасын тауып келеді.

Қыркүйек айынан бастап колледж әкімшілігі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.А. Тайкпанова, психологтың, пән мұғалімдері, топ


кураторлары, ата-аналарымен бірлескен жұмыс нәтижесінде 1-курс студенттерінің ортаға бейімделуі сәтті жүзеге асты.



Колледж студенттерінің арасында суицид оқиғалараның алдын алу мақсатында қазан-қараша айларында 1-3 курс /998 студент қатысты/ «Мазасыздану деңгейін анықтау». /»Шкала реактивной личной тревожности» (Спилбергера-Ханина) тесті алынып, қорытындыланды.

1-курс				
№		Жоғары	Орта	Төмен
1	Алаңдаушылық деңгейі (жағдайлық)	5%	20%	75%
2	Алаңдаушылық деңгейі (жеке)	3 %	31%	66%
2-курс				
		Жоғары	Орта	Төмен
1	Алаңдаушылық деңгейі (жағдайлық)	8%	32%	60%
2	Алаңдаушылық деңгейі (жеке)	7 %	26%	67%
3-курс				
1	Алаңдаушылық деңгейі (жағдайлық)	4%	35%	61%
2	Алаңдаушылық деңгейі (жеке)	5 %	23%	72%


Қорытындысы төмендегідей:



Тест қорытындысы бойынша, мазасыздану жоғары студенттермен «Өмір шексіз керуен», «Өмір, сен маған қымбатсың», «Өмір баға жетпес байлық» тақырыптарындағы тренингер, «Күйзеліс себебі, салдары, алдын алу жолдары» баяндасы, «Қатыгездік қайдан шығады?» әңгімелесу, «Армандар картасы» /фотоколлаж жасау/, Отбасы мүшелерімен байланыс жасау, әңгімелесу, қызығушылықтарын зерттеу, бос уақытын тиімді ұйымдастыруға ат салысу, колледждегі мәдени-спорттық іс-шараларға қатыстыру, күнделікті бақылау жасау, студенттерге оң әсерін беріп, өмірге қызығушылықтары арттырды. Ата-анасымен, топ жетекшісімен бірлескен жұмыстар өз нәтижесін берді.

«Мазасыздану деңгейін анықтау». «Шкала реактивной личной тревожности» (Спилбергера-Ханина) тесті қайта алынып алынып, қорытындыланды. Қатысқаны 45 студент. Нәтижесі төмендегідей:


1-курс		
№		Жоғары
1	Алаңдаушылық деңгейі (жағдайлық)	1%
2	Алаңдаушылық деңгейі (жеке)	1 %
2-курс		
		Жоғары
1	Алаңдаушылық деңгейі (жағдайлық)	2%
2	Алаңдаушылық деңгейі (жеке)	3 %
3-курс		
		Жоғары
1	Алаңдаушылық деңгейі (жағдайлық)	1%
2	Алаңдаушылық деңгейі (жеке)	2 %



«Мазасыздану деңгейі» жоғары студенттермен әлі де жұмыстар жалғасын табуда.

## Жыл бойы жүргізілген диагностика жұмыстары мониторингі

2021-2022 оқу жылы			
		Жеке	Топтық
1	Студенттерге	1350	88
2	Оқытушыларға	12	2




### Жыл бойы студенттерге, оқытушыларға, ата-аналарға топтық және жекелеген кеңестер ұйымдастырылады:

- өз іс-әрекетіңді қалай жоспарлауға болады;
- ерікті қалай тәрбиелеуге болады;
- өз эмоцияларын қалай басқаруға болады;
- күйзелісті қалай жеңеміз;
- достық қарым-қатынасты қалай қалыптастырамыз?
- емтиханға қалай тиімді дайындаламыз?
- жоспарларымызды қалай іске асырамыз?
- қиналғанға кімге бірінші хабарласамыз? т.б

Нәтижесі төмендегідей:

2021-2022 оқу жылы			
		Жеке	Топтық
1	Студенттерге	250	120/1350/
2	Оқытушыларға	23	14
3	Ата-аналарға	136	9





Колледждің сайтында, инстаграм парақшасында, ютуб желісінде психологиялық кеңес беру материалдары жарық көріп тұрады. Студенттердің жеке психологиялық кеңеске келуінде түрлі тақырыптар толғандырады. Мысалы, ата-анасымен қарым-қатынастың нашарлығы, түсініспеушіліктер, топта өзін жалғыз сезіну, махаббат, өзін-өзі бағалаудың төмендігі. т.б. толғандырған мәселер бойынша психологиялық кеңестер, бағыт бағдарлар, қажет болған жағдайда ата-анасымен бірлескен жұмыстар атқарылады.

Сәуір айында колледж студенттері «PISA-2022» халықаралы зерттеуге қатысты. Қосымша жұмыс жоспары құрылды. «PISA-2022» халықаралы зерттеуге қатысатын 42 студентке диагностикалық, коррекциялық, профилактикалық, кеңес беру жұмыстары жүргізілді. С. Ефремцеваның «Ақпаратты қабылдау деңгейі» (аудиал, визуал, кинестетик) тесті оқытушыларға студенттерді дайындауға үлкен көмек көрсетті. Тест нәтижесін басшылыққа алып, әр студентпен қалай жұмыс жасау керектігі туралы кеңестер берілді.

2021-2022 оқу жылының студенттермен жүргізілген психологиялық-педагогикалық зерттеу жұмыстары жоспар бойынша жүзеге асты.

**Психолог**

**А.Н. Абдикалыкова**